

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 мамырда № 4931 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 24.06.2016 № 16 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2016 жылғы 5 мамырдағы № 154 ұсынысы негізінде, Бұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдарының арасында пастереллез ауруының анықталуына байланысты Бұлақ ауылдық округіне қарасты Әлия ауылы аумағында шектеу іс – шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бұлақ ауылдық округінің әкімі:*

*А.Темірбай*